

К.К. Рахимжанова<sup>1</sup>  
Ж. М. Бұлақбай<sup>2</sup>  
Г.С. Кодашева<sup>3</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еурәзия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>kalamkas.rakhimzhanova@mail.ru,  
<sup>2</sup>bulakbay\_zhannat@mail.ru, <sup>3</sup>kodasheva@mail.ru)

## Мемлекеттің әлеуметтік саясатының Қазақстандағы халықтың әл-ауқатына әсері: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру

**Аннотация:** Әлеуметтік саясат мемлекет қызметінің неғұрлым маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, келеңсіз әлеуметтік құбылыстарды жұмсартып қана қоймай, халыққа жаңа жағдайларға бейімделуге, реформаларды әлеуметтік қолдауға жәрдемдесуге, экономикадағы оң өзгерістерді іске асыруға, дамудың әлеуметтік бағдарлануын қамтамасыз етуге тиіс. Жалпы қай елдің экономикасын алып қарасақ та, халықтың табысы мен тұрмысының бірдей еместігін байқаймыз. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін, сондай ақ кедейшіліктің алдын алу үшін әлеуметтік көмектер көрсетіліп отырады. Осы себепті, мемлекеттің әлеуметтік саясаты ел экономикасында елеулі орын алады, және оны дұрыс жүргізу үкіметтің міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мақалада отандық әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыруға біршама кеңестер ұсынылды. Сондай ақ, мақалада еліміздің мемлекеттік қолдау бағдарламаларына талдау жасалып, әлеуметтік жүйемізді тұрақтандыру мен табыс пен тұрмыс сапасын арттыру жолдары қарастырылатын болады.

**Кілт сөздер:** еңбекақы, мемлекеттік қолдау, өмір сүру деңгейі, трансферттер, нақты табыс, табиғи өсім, жұмыссыздық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-4-220-230>

### Кіріспе

Әлеуметтік саясат – қоғамның барлық топтарының, әр адамның лайықты өмір сүру деңгейі мен сапасын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік дамуды, материалдық және рухани байлықты көбейтуді және бөлуді басқаруға бағытталған мемлекеттік институттардың қызметі. Әлеуметтік саясаттың объектілері – жеке азаматтар, олардың топтары, нақты байланыстар мен қатынастармен біріктірілген, тұтастай алғанда ел халқы болып табылады. Әлеуметтік саясаттың субъектілері – әлеуметтік саясаттың мақсаттарын, міндеттерін,

басымдықтарын және нормативтік-құқықтық базасын анықтайтын және оны жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адамдар. Бұл республикалық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік басқару органдары, әртүрлі мемлекеттік емес бірлестіктер, коммерциялық құрылымдар, сондай-ақ азаматтық бастама шеңберінде әрекет ететін жеке келеген азаматтар болуы мүмкін.

Экономикалық трансформацияның қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі жақсарған жағдайда, оның әртүрлі әлеуметтік топтарының сәйкес келмейтін мүдделері арасындағы қайшылықтар

шешіліп, әр адамның әлеуметтік-экономикалық әлеуеті іске асырылған жағдайда ғана жетістікке жету мүмкіндігі бар. Осылайша, мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамдағы әлеуметтік проблемалар мен қайшылықтардың маңызды амортизаторы ретінде әрекет етуге арналған.

### Зерттеу әдістері

Мақалада жалпы теориялық және саңдық зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жүйесі зерттеліп, ағымдағы жағдайға талдау жасалған.

### Талқылау

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының халықтың табысы мен тұрмыс сапасына әсерін талдап, бірнеше статистикалық деректер көрсетілді. Сондай ақ, халықтың табысындағы теңсіздіктің себебі және жалпы табысқа әсер ететін макроэкономикалық факторлар қарастырылды. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық саясаттың мүмкіндіктері мен кемшіліктері талқыланды. Дерек ретінде еңбек нарығының негізгі индикаторлары, туған кезде халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы, халықтың табиғи өсімі мен есепте тұрған әлеуметтік қорғалмаған, тұрмысы қолайсыз, қиын жағдайдағы отбасылардың саны ұсынылды.

### Нәтижелер


Авторлар тарапынан тақырып бойынша теориялық, статистикалық зерттеулер жүргізіліп, әлеуметтік саясаттың маңызы мен мақсаты түсіндіріліп, еліміздегі халықтың тұрмысының ағымдағы жағдай талданған. Сонымен қатар, халықтың табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бағыттары мен жолары ұсынылды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мақсаты – кедейлік пен өткір әлеуметтік қарама-қайшылықтар жоқ, әлеуметтік қолайлы өмір сүру деңгейі мен өмір сүру сапасына қол жеткізетін, қоғамдық келісім мен қоғамдық ынтымақтастықтың жеткілікті деңгейі

бар, сондай-ақ әлеуметтік қайшылықтар өткір қақтығыстарсыз шешілетін әлеуметтік тұрақты және жоғары дамыған қауымдастық құру. Сондықтан әлеуметтік саясаттың екі негізгі функциясын ажыратуға болады - "ынталандырушы" және "тұрақтандырушы". Бірінші функцияны іске асыру құқықтық өріс шеңберінде экономикалық қызметтің барлық түрлерін ынталандыруды, жұмыскерлердің тиімділігі жоғары еңбекке жоғары еңбек уәждемесін қалыптастыруды, жасалған өнімдегі әрбір жұмыскердің үлесін ескеруді көздейді. Екінші функцияны іске асыру кірістерді қайта бөлу, әлеуметтік кепілдіктер жүйесін дамыту және жалпы халықты да, оның әлеуметтік топтарын да әлеуметтік қорғау негізінде жүзеге асырылады. Осы қағидаттарды іске асыру көп күш пен белгілі бір уақытты, күрделі және қарама-қайшы міндеттердің бүкіл кешенін шешуді талап етеді.

Қазіргі таңда еліміздің жүзеге асырып жатқан саясаттарың мақсаты – ұлт қауіпсіздігі сақтау, табысты арттыру мен тұрмыс сапасын жақсарту болып табылады. Бұл жайлы президентіміз Қ.К. Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында, «Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы», - деп айтқан болатын.

Әлеуметтік әділеттілік пен халықтың қорғалуын қамтамасыз ету, әлеуметтік теңсіздікті теңестіру, халықтың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету қазақстандық отбасылардың нақты ақшалай табыстары мен тұтынуын қысқарту жағдайында аса өзекті болып отыр. Халықтың нақты табысының төмендеуі халықтың тұтыну режиміне және тұтыну шығыстарына әсер етеді. Осылайша, сатып алу қабілетінің төмендеуі халықтың белсенді тұтыну моделінен үнемдеу режиміне ауысуына алып келеді. Бүгінгі күні тапқан табыстың басым бөлігі азық-түлік тауарларын сатып алуға және қызметтерді төлеуге жұмсалады, бұл өмір сүру деңгейі мен сапасының жеткіліксіздігін көрсетеді. Тұтастай алғанда,



1-сурет - Орташа айлық атаулы жалақы

Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [2]

Қазақстанда қарастырылып отырған кезеңде тұтынылған табыс пен зейнетақының орташа мөлшерінің сатып алу қабілеті ең төмен күнкөріс деңгейінен аспады, бұл әлеуметтік шиеленіс қаупінің болуын білдіреді.


Сондай-ақ, қазақстандықтардың әл-ауқатының артуы бір жағынан, ақшалай табыс көздерінің қаншалықты әртараптандырылғанына және ағымдағы тұтыну көлемінің сақталуын және жинақ деңгейінің жоғарылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін беріктік қоры қалыптасқанына және екінші жағынан, қолда бар ақша қаражатына билік ету қабілетіне байланысты.

2016-2021 жылдар аралығында, экономикалық өсу аясында орташа айлық атаулы жалақының өсуі байқалып отыр. Сондай ақ орташа жалақы мен кірістер арасындағы алшақтық қысқарып, ал орташа айлық жалақы деңгейі мен зейнетақының арасындағы алшақтық өскен болатын. 2020 жылы атаулы мен нақты жалақының индексі 2019 жылмен салыстырғанда, сәйкесінше 0,8 және 2,3 пайызға азырақ. Бұл екеуінің айтарлықтай өсуі 2017-2019 жылдар аралығында байқалып отыр.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев орташа жалақы туралы: « - Халықтың табысын арттырып, адамдардың табысы ара-

сындағы алшақтықты қысқарту қажет. Табыс – халықтың әл-ауқатын жақсартудың және болашаққа деген сенімнің басты факторы. Өкінішке орай, соңғы уақытта халықтың табысы экономиканы жақсарту есебінен емес, әлеуметтік трансферттер есебінен ұлғайды. Бес жыл ішінде халықтың жалпы табыстарында еңбек табыстарының үлесі 80% - дан 67% - ға дейін қысқарды. Ал әлеуметтік трансферттер 17% - дан 29% - ға дейін өсті. Осыдан халықтың табысы алынған жалақыға емес, бюджеттің шығынына тәуелді екенін байқауымызға болады. Қарызға батқан және кедей адамдардың үлесі артып келеді. Бүгінгі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш», - деген болатын. Яғни, президенттің айтуынша, халықты мемлекеттік бюджетке тәуелді қылмай, олардың табысын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту жолдарын қарастыруымыз керек.

Халықтың табысы елдегі өмір сүру деңгейінің ең маңызды индикаторларының бірі болып табылады. Халықтың табысы – өздеріне тиесілі өндіріс факторларының: еңбек, капитал, жер, кәсіпкерліктің жұмыс істеу нәтижелеріне сәйкес қоғамнан және оның институттарынан адамдардың иелігіне түсетін



**2-сурет** - Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [3]

қаражат. Табыс өндірістік қызметтен, меншіктен, сондай-ақ қайта бөлу операциялары нәтижесінде алынуы мүмкін.

Халықтың нақты табысы – адам өз кірісіне нақты сатып ала алатын тұтыну заттарының (тауарлар мен қызметтердің) саны. Осылайша, халықтың нақты кірістері номиналды кірістердің мөлшерімен, тауарлар мен қызметтерге баға деңгейімен және салықтармен анықталады.

Халықтың табыс деңгейіне ел экономикасының жағдайы, жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясат тікелей әсер етеді. Сонымен бірге, халықтың табыс деңгейіне еңбек пен еңбек қатынастары үшін елеулі маңызы бар адамдардың жеке қасиеттерінің, әсіресе олардың жұмысқа қабілеттілігі мен еңбексүйгіштігінің, әл-ауқатқа өмірдің құндылығы мен мақсаты ретінде көзқарасының, көшбасшылыққа бейімділігінің, жеке немесе бірлесіп жұмыс істеуге бейімділігінің және т.б. әсерін жоққа шығаруға болмайды.

Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарының 2016-2021 жылдың III-і кварталы аралығында ұлттық валютамызда динамикалық өсуін байқап отырмыз. Ал, АҚШ долларында өсім айтарлықтай үлкен емес. Себебі, АҚШ валютасы бүкіл әлем елдерінің экономикасының айқын көрсеткіші болып табылады. Яғни, 2016-2020 жылдар аралығында халықтың орта

есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары 39 551 теңгеге және 57,4 АҚШ долларына өскен. Бұл жерден ұлттық валютамыздың АҚШ долларына шаққандағы құны әлсіреп келе жатқанын да байқауымызға болады. Тағы айта кететін жайт, елімізде атаулы жалақы өскенменен нақты жалақы сол орнында, тіпті азаймаса көбейген емес. Теңгеміздің құнсыздануы, тұтыну тауарларының бағасының қымбаттауы, инфляция сияқты макроэкономикалық факторлардың әсерінен номиналды(атаулы) жалақы көлемі жылдан жылға өсіп келеді. Ал нақты жалақы мөлшері болса сол орнында. Яғни, осыдан бес жыл бұрынғы жалақыңызға алатын тауарларыңыздың мөлшері қазіргі жалақыңызға алатын тауарлардың мөлшерімен бірдей. Меніңше, еліміздің экономикалық өсуін инфляция жеп қойып отыр. Дәл қазіргі сәтте мемлекетіміздің алдында атаулы жалақы деңгейін емес, нақты жалақы деңгейін өсіру мақсаты тұр. Себебі, нақты жалақы – халықтың тұрмысы мен өмір сапасының нақты көрсеткіші бола алады. Өмір сапасы – бұл даму деңгейі және адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерінің бүкіл кешенін қанағаттандыру дәрежесі. Мүдделер – бұл адамдардың әлеуметтік іс-әрекеттерінің нақты себептері, олар объективті және субъективті түрде белгілі бір процестердің, құбылыстардың, әрекеттердің, объектілердің, адамдар арасындағы қатына-

стардың тартымдылығына, олардың адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін маңыздылығына байланысты. Қоғамдық мүдделер – бұл заңмен бекітілген және халықтың көпшілігі мен олардың өкілетті тұлғалары мақұлдаған бүкіл немесе көпшілік халықтың ортақ мүдделері.

Халықтың табысындағы теңсіздіктің негізгі себебі – нарық жағдайында анықталған жалақы. Бұл жағдайда теңсіздік еңбек нарығындағы сұраныс және ұсыныспен анықталады. Ұсыныс төмен, сұраныс жоғары болса, онда еңбекақысы төмен болады. Мұндай жұмыстарға озық дағдыларды, сирек кездесетін қабілеттерді немесе тәуекелге баруды қажет ететіндер жатады.

Жалпы табысқа әсер ететін бірнеше макроэкономикалық факторлар бар. Оларға: денсаулық сақтау сақтау, көпші-қон мәселесі, білім беру саласы, салық салу жүйесі, экономикалық өсу, үй шаруашылықтарының кіріс көздері, жаһандану, еңбек нарығы және еңбекақы төлеу саясаты жатады. Көптеген экономистер кірістердің теңсіздігіне экономикалық және демографиялық әсерлерді зерттейді, ал


жалақы төлеу саласындағы мемлекеттік саясаттың әсерін зерттеушілер көп емес. Енді еңбек нарығын қарастырайық.

Еңбек нарығындағы көрсеткіштердің өзгеруіне басты әсер етуші фактор болып демографиялық факторлар жатады. Себебі, еліміздің халық саны жылдан жылға артып келеді. Ол өз кезегінде, жұмысқа деген сұранысты көптеп тудырады. 2016 жылдан бері қарай жұмыс күші артқан. Ал халық санындағы жұмыс күші үлесінде айтарлықтай өзгеріс жоқ, тұрақтылықты сақтап келеді. Елдегі халық санының артуына қарамастан жұмыс күшінің үлесі тұрақты болғаны әрине жақсы көрсеткіш. Бірақ, жұмыссыздар санын ұмытпауымыз керек. Жұмыссыздар саны 440,7-448,8 мың адам аралығында ауытқуда. Пайызбен есептегенде 4,8-5,0 дәлізінің ішінде. Бір қуантатыны, жұмыспен қамтылған халық саны артып келеді. Ал, өкініштісі, өзін-өзі қамтыған жұмыскерлер саны азаюды көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз, халықтың біраз бөлігі кәсіптерін тастап, жұмысқа деген ықыласынан айырылып, үкіметтен төленетін трансферттер есебінен күн көруде. Бұлай жалғаса берсе бюджетке

### 1-кесте - Еңбек нарығының негізгі индикаторлары

Көрсеткіш түрі	15 жас және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда				
	2016	2017	2018	2019	2020
Жұмыс күші, мың адам	8 998,8	9 027,4	9 138,6	9 221,5	9 180,8
Халық санындағы жұмыс күші үлесі, пайызбен	70,0	69,7	70,0	70,1	69,2
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8 553,3	8 585,1	8 695,0	8 780,8	8 732,0
Жалдамалы қызметкерлер	6 342,8	6 485,9	6 612,5	6 681,6	6 686,6
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер	2 210,5	2 099,2	2 082,5	2 099,2	2 045,4
Жұмыспен қамту деңгейі, пайызбен	66,5	66,3	66,6	66,7	65,9
Жұмыссыз халық, мың адам	445,5	442,3	443,6	440,7	448,8
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	5,0	4,9	4,9	4,8	4,9
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, мың адам	3 885,0	3 927,3	3 907,3	3 934,0	4 076,8
Халық санындағы жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі, пайызбен	30,0	30,3	30,0	29,9	30,8
Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [4]					





**3-сурет** - Туған кезде халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы  
Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [5]

тәуелділік артып, ел экономикасының құлдырауы әбден мүмкін. Сол себепті, президентіміз шағын және орта бизнесті, жалпы кәсіпкерлікті дамытуға бар күшін салуда. Әр отбасы, әр адам өзін-өзі жұмыспен қамтып, кәсіппен айналысып, жағдайын жақсартқан сайын бюджетке тәуелділік азайып, бюджеттік түсімдер көбейеді. Сондай ақ нақты жалақы деңгейі де көтерілер еді. Бұл әрине экономиканың өсуінің негізі болып табылады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі жұмыспен қамтуды және еңбек нарығын реттеу саясаты болып табылады. Бұл ретте мемлекеттік саясаттың қалыптасқан құралдары инновациялық даму процестерінің және төртінші өнеркәсіптік революцияның өрістеуінің әсерінен бейімделуді талап етеді.

Мемлекеттік жұмыспен қамту саясатының дәстүрлі мазмұны кең мағынада жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ету, кәсіптік біліктілік құрылымын қалыптастыру және еңбек нарығындағы сұранысты кәсіптік біліктілік тұрғысынан білім беру мекемелерінің түлектері тарапынан біліктілік ұсынысымен байланыстыру, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, азаматтардың ұзақ мерзімді деструктивті жұмыссыздығының алдын алу, әлеуметтік бейбітшілік пен жұмысшылар-

дың өкілдігі арасындағы сындарлы диалогты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі әлемдегі инновациялар барлық дерлік әлеуметтік процестерге зиянды әсер ету сипатына ие болады, ал өзгерістер ауқымды тарихи сипатқа ие. Әлеуметтік салада жұмыс нысандары, қарым-қатынас нысандары, өзін-өзі көрсету, ақпарат алу және бос уақыт пен демалысты ұйымдастыру өзгереді. Осылайша, еңбек саласындағы авторлардың көпшілігі жаңа технологиялардың дамуы халықтың жұмыспен қамтылуына теріс әсерін тигізеді деп болжаған.

Дж. Кейнс инновациялардың енгізілуінен Туындаған технологиялық жұмыссыздық кеңінен таралады деп болжады, өйткені жұмыс күшін үнемдеу еңбекті қолданудың жаңа салаларының пайда болуымен бірдей өтелмейді. XX ғасырдың тәжірибесі көрсеткендей, ескі кәсіптердің жоғалуы және еңбек функциясының өзгеруі жаппай жұмыссыздыққа әкелмейді, өйткені еңбекті қолданудың жаңа формалары пайда болады. Ауыл шаруашылығындағы жаппай жұмыспен қамту өнеркәсіптегі жаппай жұмыспен алмастырылды және қазір ұлттық экономикалардың құрылымын өзгерту процесінде жұмыспен қамтылғандардың негізгі бөлігі қызмет көрсету саласына көшуде.

Жоғарыда айтып кеткендей, еңбек нарығына, жалпы халықтың табысына әсер етуші факторлардың біріне демографиялық факторларда кіреді. Туған кезде халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2016 жылдан 2019 жылға дейін тұрақты түрде өскен. Ал 2020 жылы күрт төмендегенінен байқауымызға болады. Оның басты себебі болып 2019 жылы басталған бүкіләлемдік «COVID-19» індеті табылады. Бұл індет бүкіл әлем елдерінің экономикасына өз зардабын тигізбей өтпеді. Қаншама жанның өмірін алып кетті. Сол себепті, байқап қарасаңыз, 2020 жылы ерлердің де, әйелдердің де күтілетін өмір сүру ұзақтығы және біздің еліміз үшін маңызды көрсеткіш – халықтың табиғи өсімі де күрт төмендеді. Ал сол көрсеткіш 2021 жылы 2020 жылға қарағанда өсіп отыр. Тағы айта кететін жайт, туған кезде халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы елдегі экономикалық жағдайға, халықтың тұрмыс сапасы мен табысына тікелей байланысты. Бұл көрсеткіштерді сол себепті қарастырып отырмын. Мысалы, 2020 жылы, туған кезде халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы бойынша Қазақстан әлем елдерінің ішінде 73,90 көрсеткішімен 105 орынды иеленіп тұр. Ал, алғашқы үштікке Гонконг, Жапония және Макао 85,29, 85,03 және 84,68 көрсеткішімен кіріп отыр. Бұл үш елдің де экономикасы өте мықты. Соңғы орынға Орталық-Африка Республикасы 54,36 көрсеткішімен жайғасып отыр. Бұл елдегі халықтың тұрмысы нашар. Кедейшілік қатты белең алған мемлекеттерің бірі. Халықтың тапқан табысы тек азық-түлік алуға ғана жетеді. Тапқанының бәрін ішіп-жеу кедейшіліктің басты белгісі. Тіпті, ертеңгі күні не болатынын білмейтін халық үшін «ұзақ өмір сүру» деген әрине миға сыймайтын нәрсе. Бастысы, не айтқым келгенін түсінген боларсыздар.


Тұрмыс сапасының жақсаруына қол жеткізудің бірден-бір жолы ешқандай кемсітусіз, бөлектеусіз орындалатын әлеуметтік интеграция саясаты. Біз көп ұлтты мемлекет болғандықтан, ұлтқа бөліну жоқ десем де болады. Тек бұл тұрғыдан емес, гендерлік жағынан да теңдіктің болғаны дұрыс. Жалпы қай елді алып қарасақта, әйелдер мен ерлер арасында барлық нәрсе бірдей емес. Осыған орай еліміз-

дегі жалақыдағы гендерлік айырмашылықты талдап көрейік.

**2-кесте** - Жалақыдағы гендерлік айырмашылық, 2020 жыл

Қазақстан Республикасында облыстар бойынша ерлер мен әйелдердің орташа айлық жалақысы		
Облыс атауы	Ерлер	Әйелдер
Ақмола	180 166	156 665
Ақтөбе	207 378	156 129
Алматы	170 696	166 519
Атырау	432 793	248 814
Батыс Қазақстан	227 485	165 371
Жамбыл	163 180	151 587
Қарағанды	235 552	168 245
Қостанай	186 024	156 649
Қызылорда	191 769	165 530
Маңғыстау	404 437	207 094
Түркістан	167 602	152 294
Павлодар	211 564	161 233
Солтүстік Қазақстан	162 424	153 064
Шығыс Қазақстан	209 562	168 577
<b>Орташа айлық жалақы</b>	<b>243 524</b>	<b>182 679</b>
Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [6]		

Кестеден көріп тұрғанымыздай, бірде-бір облыста әйелдердің орташа жалақы деңгейі ерлердікінен асып та, теңесіп те тұрған жоқ. Әрине, біз бұл жерде ерлердің жұмысқа қабілеттілігіндегі өзгешелікті жоққа шығара алмаймыз. Мен тек ерлердің физикасын айтып тұрмын. Ал ойлау қабілетінде ешқандай айырмашылық жоқ деп білемін. Сол себепті, әйелдер қызмет көрсету саласында көбірек, ерлер болса адамның физикалық күшін көп жұмсайтын жерлерде басым болып келеді. Ең жоғары жалақы төленетін екі облысты байқап тұрмын. Олар Атырау мен Маңғыстау облысы. Не үшін екені айтпаса да түсінікті шығар. Бұл екі облыс мұнай өндіруші облыстар. Статистикаға сәйкес 2020 жылы ерлердің орташа айлық жалақысы 243 524 тенгені құраған. Ал әйелдердің орташа айлық жалақысы сәйкесінше 182 679 тенгеге тең болған. Яғни, әйелдердің орташа айлық жалақысы ерлердікінен



**4-сурет** - Экономикалық қызмет түрлерінің топтары бойынша жұмыспен қымтылғандардың жынысы бойынша бөліністегі үлесі, 2020 жыл, %-бен  
Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [7]

60 845 тенгеге аз. Жалпы Қазақстан Республикасында әйелдер мен ерлердің арасында жалақының арақатынасы 25,0%-ға тең болып отыр.

Жоғарыда айтып кеткендей, ерлер физикалық күшті көптеп талап ететін және жұмыс сайтын жерлерде, ал әйелдер қызмет көрсету саласында басым деген болатынмын. 2020 жылғы дерек бойынша өнеркәсіп және құрылыс саласында ерлердің үлесі 71,4%-ды, демек саланың  $\frac{1}{4}$  жуық бөлігін алып отыр. Қы-

змет көрсету саласында басымдылықты 55,2%-бен әйелдер алған. Ауыл шаруашылығында басымдық ерлерде, 57,6%. Бұл құрылыс саласындағыдай көп көрсеткіш емес.

Халықтың тұрмыс сапасын арттыру, түсіну және қабылдау әу бастан кең ауқымға ие мәселелердің ірі. Адамдардың тек материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып қою жеткіліксіз. Осы орайда Абрахам Маслоудың «қажеттіліктер пирамидасы» есіме түседі. Ол жерде материалды, яғни физикалық қажет-

**3-кесте** - Есепте тұрған әлеуметтік қорғалмаған, тұрмысы қолайсыз, қиын жағдайдағы отбасылардың саны, бірлік

Облыс атауы	2016	2017	2018	2019	2020
Ақмола	1 468	1 178	998	798	701
Ақтөбе	432	416	380	459	390
Алматы	1 045	869	950	936	684
Атырау	226	193	186	182	161
Батыс Қазақстан	257	269	260	217	205
Жамбыл	716	540	496	413	275
Қарағанды	1 587	892	890	918	741
Қостанай	1 662	1 711	1 271	1 160	969
Қызылорда	181	147	106	83	74
Маңғыстау	235	173	146	164	164
Түркістан	1 222	1 428	496	578	527
Павлодар	603	652	483	477	313
Солтүстік Қазақстан	273	264	237	226	291
Шығыс Қазақстан	978	621	616	526	613
<b>ҚР бойынша барлығы</b>	<b>12 067</b>	<b>10 458</b>	<b>9 138</b>	<b>8 343</b>	<b>7 210</b>
Ескерту автор жасаған әдебиеттер негізінде құрастырылған [9]					



тіліктер ең бірінші сатыда тұрады. Демек бұл, ең керекті қажеттіліктердің негізі. Егер бұл қажеттіліктер қанағаттандырылса, енді екінші сатыға көтерілеміз. Ол жерде қорғанысқа деген қажеттілік. Бұл бізде бар болса, келесі сатыға шығамыз. Үшіншісі – қарым-қатынасқа деген қажеттілік. Адамдардан достықты, махаббатты, жылы сөздерді күту. Төртінші саты – құрметке деген қажеттілік. Адамдардың бәрі өзін басқалардың құрметтегенін қалауы. Ең соңғысы – жеке тұлға болып қалыптасу кезіндегі қажеттіліктер. Адамның өзін-өзі танып-біліп, рухани құндылықтарын арттырып, тұлғаға айналуы. Міне, осы бес қажеттілігі қанағаттандырылған адам өз өміріне риза, әрі бақытты болып өтеді деп ойлаймын.

Біз бүгін тек адамның физикалық қажеттіліктерін зерттедік. Себебі, бұл қажеттіліктер қанағаттандырылмаса қалған төрт қажеттіліктердің маңызы болмайды.

Тұрмыс сапасын зерттеудегі маңызды тапсырмалардың бірі, халықтың өзінің өміріне қаншалықты риза екенін және өмір сапасын қаншаға бағалайтынын білу болып табылады.[8]

Есепте тұрған әлеуметтік қорғалмаған, тұрмысы қолайсыз, қиын жағдайдағы отбасылардың саны бойынша көпші Қостанай облысы бастап келеді. Бес жыл ішіндегі динамикалық өзгерістер көрсетілген бұл кестеде барлық тұрмысы қолайсыз, қиын жағдайдағы отбасылардың саны жылдан жылға азайып, халықтың тұрмысы жақсарып келе жатқанын

байқауымызға болады. Бұл көңіл қуантарлық көрсеткіш. 2016 жылы 12 067-ге тең болған қиын жағдайдағы отбасылардың саны 2020 жылы 7 210-ға дейін азайып отыр. Яғни 4 857 бірлікке кеміген. Бұндай отбасылардың санының аздығы бойынша көпші Қызылорда облысы бастап келеді. Салыстырмалы түрде халықтың тұрмысы ең нашар жерлерге Ақмола, Түркістан, Қарағанды облыстары кіріп тұр. Ең жақсы жерлерге Қызылорда, Маңғыстау, Атырау облыстарын жатқызуға болады. Бірақ, бір ескере кететін жайт, бұл жерде демографиялық факторларды, жердің жұмысқа икемділігін ескеру қажет. Халықтың тұрмысы нашар облыстарды байқап қарасаңыз, ол облыстар халық саны басым облыстардың біріне жатады.

### Қорытынды

Әлеуметтік қажеттіліктерге арналған шығыстар, олардың үлкен маңыздылығына қарамастан, экономиканың тиімді жұмыс істеуі, экономикалық өсуді жеделдету жағдайларына қайшы келмеуі керек. Осылайша, елдегі салық салу жүйесі еңбек мотивациясы мен кәсіпкерлік белсенділікті төмендетпейтіндей етіп құрылуы керек, ал әлеуметтік саясат мемлекеттің нақты ресурстары мен мүмкіндіктеріне негізделуі керек. Тек осы жағдайда ғана белсенді әлеуметтік саясат шектеуші емес, экономикалық өсудің катализаторы болып табылады.[10]

### Әдебиеттер тізімі

1. Голоктионова Ю. Г., Бабич Т. Н., Вертакова Ю. В. Государственное регулирование национальной экономики. - Москва : Прометей, 2020. – 499 с.
2. Кузнецов Б. Т. Макроэкономика. - Москва : Юнити-Дана, 2017. – 463 с.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні [Электрон.ресурс]. - URL: [https://stat.gov.kz/for\\_users/dynamic](https://stat.gov.kz/for_users/dynamic) (қаралған күні: 18.04.2022)
4. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің ресми ақпараттық сайты. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру [Электрон.ресурс]. - URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K18002018\\_1](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K18002018_1) (қаралған күні: 18.04.2022)
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. ҚР ҰЭМ экономикалық көрсеткіштер мониторингі [Электрон.ресурс]. - URL: [https://stat.gov.kz/for\\_users/economic/mne](https://stat.gov.kz/for_users/economic/mne) (қаралған күні: 19.04.2022)

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарының мониторингі [Электрон.ресурс]. - URL: [https://stat.gov.kz/for\\_users/sustainable\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals) (қаралған күні: 19.04.2022)

7. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон.ресурс]. - URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (қаралған күні: 20.04.2022)

**К.К. Рахимжанова, Ж.М. Булақбай, Г.С. Кодашева**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Влияние социальной политики государства на благосостояние населения в Казахстане: повышение доходов и качества жизни**

**Аннотация.** Социальная политика, являясь наиболее важной составляющей деятельности государства, должна не только смягчать негативные социальные явления, но и способствовать адаптации населения к новым условиям, социальной поддержке реформ, реализации позитивных изменений в экономике, обеспечению социальной ориентации развития. В целом, независимо от экономики страны, мы видим, что доходы и быт населения неодинаковы. Для улучшения качества жизни населения, а также профилактики бедности оказывается социальная помощь. По этой причине социальная политика государства занимает значительное место в экономике страны и ее правильное проведение является одной из задач правительства. В данной статье были предложены некоторые рекомендации по повышению эффективности отечественной социальной политики. Также в статье будет проведен анализ программ государственной поддержки страны, рассмотрены пути стабилизации социальной системы и повышения доходов и качества жизни.

**Ключевые слова:** заработная плата, государственная поддержка, уровень жизни, трансферты, реальный доход, естественный прирост, безработица.

**K.K. Rakhimzhanova, Zh.M. Bulakbay, G.S. Kodasheva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **The impact of the state's social policy on the well-being of the population in Kazakhstan: increasing income and quality of life**

**Abstract.** Social policy, being the most important component of the state's activities, should not only mitigate negative social phenomena, but also help the population adapt to new conditions, promote social support for reforms, implement positive changes in the economy, and ensure social orientation of development. In general, regardless of the country's economy, we see that the income and life of the population are not the same. Social assistance will be provided to improve the quality of life of the population, as well as to prevent poverty. For this reason, the social policy of the state occupies a significant place in the country's economy, and its proper implementation is one of the tasks of the government. This article provides some tips on improving the effectiveness of domestic social policy. The article will also analyze the state support programs of the country, consider ways to stabilize the social system and increase income and quality of life.

**Keywords:** wages, government support, standard of living, transfers, real income, natural growth, unemployment.

### **References**

1. Goloktionova Yu.G., Babich T.N., Vertakova Yu.V. Gosudarstvennoe regulirovanie nacional'noj ekonomiki [State regulation of the national economy] (Prometheus, Moscow, 2020). [in Russian]
2. Kuznetsov B.T. Makroekonomika [Macroeconomics] (Union-Dana, Moscow, 2017). [in Russian]
3. Kazakstan Respublikasynyn Yltyk statistika byurosynyn resmi sajty [Official website of the National Bureau of statistics of the Republic of Kazakhstan]. Negizgi aleumettik-ekonomikalyk korsetkishterdin serpini

[Dynamics of the main socio-economic indicators] [Electronic resource]. – Available at: [https://stat.gov.kz/for\\_users/dynamic](https://stat.gov.kz/for_users/dynamic) (Accessed: 18.04.2022).

4. Kazakstan Respublikasynyn normativtik kykyktyk aktilerinin akparattyk-kykyktyk zhyjesinin resmi akparattyk sajty [Official Information website of the information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan]. Kazakstandyktardyn al-aukatynyn osui: tabys pen tyrmys sapasyn arttyru [Increasing the well-being of Kazakhstanis: increasing income and quality of life] [Electronic resource]. – Available at: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K18002018\\_1](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K18002018_1) (Accessed: 18.04.2022).

5. Kazakstan Respublikasynyn Yltyk statistika byurosynyn resmi sajty [Official website of the National Bureau of statistics of the Republic of Kazakhstan]. KR YEM ekonomikalyk korsetkishter monitoringi [Monitoring of economic indicators of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. – Available at: [https://stat.gov.kz/for\\_users/economic/mne](https://stat.gov.kz/for_users/economic/mne) (Accessed: 19.04.2022).

6. Kazakstan Respublikasynyn Yltyk statistika byurosynyn resmi sajty [Official website of the National Bureau of statistics of the Republic of Kazakhstan]. 2030 zhylga dejingi ornykty damu maksattarynyn monitoringi [Monitoring of the Sustainable Development Goals until 2030] [Electronic resource]. – Available at: [https://stat.gov.kz/for\\_users/sustainable\\_development\\_goals](https://stat.gov.kz/for_users/sustainable_development_goals) (Accessed: 19.04.2022).

7. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty [Official website of the president of the Republic of Kazakhstan]. Memleket basshysy Kasym-ZHOMart Tokaevtyн Kazakstan halkyna ZHOldauy [Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan] [Electronic resource]. – Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyнkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (Accessed: 20.04.2022).

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Рахимжанова К.К.** – негізгі автор, э.ғ.м., «Қаржы» кафедрасының оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 11, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

**Бұлақбай Ж.М.** – э.ғ.к., «Қаржы» кафедрасының доценты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 11, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

**Кодашева Г.С.** – PhD, «Қаржы» кафедрасының доценты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 11, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

**Rakhimzhanova K.K.** – **Corresponding author**, M.E., teacher of the Department "Finance", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan str., 11, Astana, Kazakhstan.

**Bulakbay Zh.M.** – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department "Finance", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan str., 11, Astana, Kazakhstan.

**Kodasheva G.S.** – PhD, Acting Associate Professor of the Department of "Finance", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan str., 11, Astana, Kazakhstan